



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 007 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2004 жылғы 16 наурыз

Халықаралық резервтер және ақша базасы
туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы 15 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	5538,1	5567,1
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер**	4834,4	4834,4
Алтын	703,7	732,7
Ақша базасы, млрд. теңге	314,5	314,5
KZT/USD (кезең аяғында)	138,93	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	400,75	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы наурыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 0,1%-ке (немесе 3,4 млн.долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату таза валюта қорларының (ЕАВ) 20,5 млн.долларға төмендеуіне ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,2%-ке көбеюі нәтижесінде 17,1 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,3%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 0,4%-ке, алтынмен активтер – 0,3%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3692,1 млн. долл.) қоса алғанда 9234,5 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 0,02 % болды.

2004 жылғы наурыз айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза активтерінің өсуі (Үкіметтің шоттары көлемінің төмендеуі) ақша базасының 2,2%-ке (немесе 6,7 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.